

A photograph of Nursultan Nazarbayev, the former President of Kazakhstan, standing in a lush green park. He is wearing a light pink long-sleeved shirt, a dark tie with diagonal stripes, and dark trousers. He is smiling and looking towards the right. The background consists of many birch trees with green leaves and a grassy field.

Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ

Жаңа шағғы

**Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ**

Жан шұағы

Астана, 2010

УДК 342
ББК 67.406

Назарбаев Н.Ә.
Н Жан шуағы. - Астана, «Сарыарқа» БҰ,
2010 - 72 бет.

ISBN 9965-536-87-2

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз ойымен оңаша қалған сәттерде, кейде жүрегін тербеген жайттарды өзіңше олеңмен өрнектей жүреді екен. Алайда, автордың өзі үшін ғана жазатын осынау жыр шумақтарынан да адамның қоңіл күйін, жүрек тебіренісін аңартатын байқампаздық пен сыршылдықты сезінуге болады.

Н $\frac{1203020100}{00(05)-10}$

УДК 342
ББК 67.406

ISBN 9965-536-87-2

© Назарбаев Н.Ә.

Бірінші бөлім

Перзент үні

* * *

*К*өз құмарын суардым,
Талайдың сұлу жеріне.
Жетпейді екен...
Қуандым,
Қазағымның төріне.

Еншісі болған елімнің,
Ешкімге бағы қонбапты.
Балалық атты сағыныш,
Жүрекке соны сомдапты...



Өз жұртым - әнім

*У*шып ем Алатаудың бөктерінен,
Өмірдің келем өтіп көп белінен.
Арман не қажетіңе жарай білсем,
Қазағым,
Таратылған көк бөріден!
Айналдым көк бөрідей текті елімнен!

Пейілің пейіш сенің,
Жұмақ – төрің,
Малға – от,
Жанға жайлы қырат-белің.
Сен мәңгі жасара бер,
Бізді есейтіп,
Асқарлы,
Ұлан-ғайыр қуатты елім!
Қуатты елім,
Ақ жүрек, шуақты елім!

Қап түбінде кек-кездік жата ма екен,
Рухты елде азат таң атады екен.
Мен сенің сап бастаған сардарыңмын,
Жасай бер,
Өркендей бер, Атамекен!
Жасай бер,
Мәңгі жаса, Атамекен!

Табиғат тылсымынан сыр аңдаған,
Қыран қанат өз жұртым,
Ұрандаған.
Өзіңде туып-өскен қандай бақыт,
Мен де бір ұланыңмын жыр арнаған.
«Ұлыңмын!» деп шаттанбай тұра алмаған!



Беу, дәурен!..

*Ж*астық шақ –
Сағындырған сайран күндер,
Келмейтін екі айналып, қайран
күндер.

Беу, дәурен,
Арман күндер!

Сезім боп тербетілген тәтті күндер,
Сенімге серік болған сәтті күндер.
Аңсатқан шаттық үндер.
Қанаты талмайтұғын сұңқар күндер,
Алысқан ауыздықпен тұлпар күндер.
Ізгіге іңкәр күндер.

Арманын аялаған мақпал күндер,
Түндерде жұлдыз болып аққан күндер.
Алауын жаққан күндер.
Мың алғыс,
Бағдар берген бал күндерім,
Қыңбаған қиындыққа сал күндерім.
Бүгінім – сол күндерім...



* * *

Отан-Ана,
От бердің жүрегіме,
Риза боп қараймын гүл-өңіңе.
Бабаларым сомдаған бағзы бейнең
Тәуелсіз боп түрленді,
Түледі де!
Менде қандай арман бар,
Асыл Ана,
Жарай алсам халқымның тірегіне?!



Перзент үні

*Ж*етпіс жыл жүріп өткен даңғыл ма еді,
Зердеме өрнектеді сан қыр нені?
Туған жер,
Өскен ел мен замана боп,
Сүйеді қолтығымнан тағдыр мені.

Ер жетіп,
Арман құдым арайланған,
Ұлы нұр ұмтылмасаң тарай ма алдан?!
Көрген де көрмегендей өте шықты,
Қайырылып қарамайтын талай
жалған...

Қайықты қарсы есіп қара суға,
Талай-ақ тура келді таласуға.

Қос қанат:
Жігер-сенім алып шықты,
Мызғымас мұратымды сан асуға.

Ұлы той көппен көрген халқың үшін,
Ешқашан адастырмас салтың үшін.
Жаратқан!
Қазағыма ынтымақ бер,
Тұрғанда мына заман тартып ішін.



* * *

Өзім үшін саспаймын,
Аспаймын да,
Таспаймын.
Халқым аман болса екен,
Сол ғой менің бас қайғым.

Кемені құзға соқпаймын,
Баталы сөзге тоқтаймын.
Өзімнің емес,
Алдымен –
Халқымның жоғын жоқтаймын.

Осындай менің сыбағам,
Сеніммен қолға ту алам.
Сүрінбей сыннан шыға алам.
Халқыммен бірге қайысып,
Халқыммен бірге қуанам!



АСЫЛ ӘН

*А*рмаңдай аялаған асыл әнім,
Өзіңмен өрілгенде басыламын.
Құдайдан жасырмаған жан сырымды,
Өзіңнен қалай ғана жасырамын?

Өмірім өтіп жатыр тізбектеліп,
Тұрсаңшы оқта-текте іздеп келіп.
Баянды бал дәуреннің жасыл бағы,
Ойсырап қалған жоқ па біз кеткелі?!

Еріксіз аңсатасың қалт еткенде,
Санамда сұлу бейнең жалт еткендей.
Күндіз-түн,
Ертелі-кеш ораласың,
Шуағын шымылдықтың таң
сепкендей.

Асыл ән!
Тербете бер тілегімді,
Әлдиле әжім түспес жүрегімді.
Мен сені алақанда аялайын,
Жылытайын жаныммен гүл өңіңді!



* * *

Оңаша қалып ойыммен,
Өзіммен-өзім кеңесем.
Жеңіс көп болып,
Тойым кем,
Сенімін ақтап халықтың,
Арманын асқақ демесем –
Көш басында қазақтың
Бекер жүрдім демес ем!
.....
Жабыққанды жебесем,
Елді жұртпен теңесем,
Қосынында қазақтың
Бекер жүрдім демес ем!



Алтын ғасыр

Ой баққан,
Ұйқы қашқан жүрдек күндер,
Қайырылмас,
Судай аққан дүрмек күндер.
Мың батпан міндет жүгін арқалаған,
Бағасын ол күндердің білмек кімдер?!

Төсінде туған жердің ер жетіп ем,
Тарихтың толқынында тербетілем.
Елімнің ертеңі деп елеңдеймін,
Заманның сырын оқып келбетінен.

Бұл ғасыр қазақ үшін алтын дер ем,
Даңқымды әлем білді,
Салтымменен.

Кеудемде жаным барда көтеремін,
Аянбан,
Не күтсе де халқым менен!

Қазаққа азат күні жарасар бек,
Бүгінде жұртымызбен санасар көп.
...Сезімді төзім болып тұсаулаймың,
Анық ой ақиқаттан адасар деп...



* * *

*М*андай термен тұздамасаң дәмінді,
Жүрегіңмен тербемесең әніңді,
Өзің-дағы ұға алмассың мәніңді,
Өмір емес,
Көшірме ол – кәдімгі.

Жаныңменен түсінбесең тегінді,
Жігеріңмен қайрамасаң кегінді,
Болмысыңмен біле алмасаң шегінді,
Ұқпағаның –
Өзіңді де,
Өмірді.



Ыстықкөл

*Ж*он қалып жатыр...
Долданып жатыр Ыстықкөл,
Ұшатын құстай қомданып жатыр
Ыстықкөл.
Толқынды толқын кимелей шайқап,
Өкіріп,
Тұлпардың жібек жалындай болып,
Көпіріп,
Толғанып жатыр Ыстықкөл.

Жағада сан жұрт:
Серің де сонда,
Перің де,
Шалғай бір шетте жылжиды нүкте
ерінген.

Айтматов жазған «Ақ кеме» шығар,
Ол, бәлкім,
Құмартқан жанға,
Мұнартып қана көрінген?

Бауырлас елдің-
Ықыласы да тым ыстық,
Көл тулап жатыр...
Көңілде жайлы тыныштық.
Қырғыздың тәлей,
Тағдыры десең болғандай,
Табиғат өзі бере де салған ырыс қып...



Арман-тілек, мақсатым

*М*әуелсізбіз!

Бар ма мұң?

Тәлейлі болсын талғамым!

Өркені өссін Қазақтың –

Осы – менің Арманым!

Күн тұрғанда тұратын,

Жұрты сайран құратын,

Қала болсын Астана –

Осы – менің Мұратым!

О, Ақорда –

Ақ шатыр,

Ұлысыма бақ шақыр.

Баянды болсын Азаттық –

Осы – менің Мақсатым!

Халқым менің тірегім,
Құрбан жаным,
Жүрегім!
Атымыз озсын бәйгеде –
Осы – менің Тілегім!



* * *

*Б*олған ба түсін түстеп,
Атын айтып,
Өмір де өткен күндер сағасындай:
Жылдар бар –
Бір сағатқа татымайтын,
Сәттер бар –
Бар ғұмырдың бағасындай.



Днепрдегі достарға

*К*обзарьдың күміс үнімен,
Таныспын бала күнімнен.
Шыңдаған сол бір шақтарды,
Еске алам жылы...
Бүгін мен.

Днепр дария толықсып,
Құшағын жайды...
Сол ыстық,
Ұстаз бар,
Жолдас ,
Басқа да,
Жақсы жандар жолықты.

Кәсіптің біліп қыр-сырын,
Тірліктің ұғып тылсымын,

Болашаққа алып жолдама,
Қанатты қақтым құлшынып.

Төріңе шығып,
Дәм таттым,
Жаныма жақын ән таптым.
...Еске алып ерен күндерді,
Сағыныш сазын сыздаттым.



* * *

Сыбызғының сазындай,
Сұлу қыздың назындай –
Күлім қаққан көктем-ай!
Құмардайын қанбаған,
Тұмандайын алдаған –
Сол көктемнің өткені-ай!
Сағым болып селдейтін,
Қайта оралып келмейтін-
Көңілдегі көк бел-ай!..



Биіктік пен тереңдік

*Қ*ұлады жұлдыз...
Сұлады жұлдыз,
Отты жас ыршып көзінен.
Тулайды жүрек,
Ізгілік тілеп...
Ұлы ұқсастық сезінем.

Ұғумен қатар,
Ойланып жатар,
Уақыт бар ма жалғанда?
Төзімің – түбіт,
Үзілмес үміт...
Өзіңмен-өзің қалғанда...

Тылсым бір күштен,
Ағып-ақ түскен...

Арманда кетпек құлшынып.
Төменнен – биік,
Әрі...тұңғиық,
Пенде үшін жұмбақ тіршілік.



* * *

*Ма*хаббаттың әнін шырқап
жатқан жоқ-ау, бұлбұлдар,

Олардың да үнін қарып
тұрады бір мұңды ызғар.
Кім біледі,
Тірлігінің тауқыметін
шерткен шығар шырылдап,

Жалқындатып атқан таңның
өзінде де түнгі із бар.



* * *

С
меурінді ұғасың ба,
Ей, досым?
Пейіліме құбасың ба,
Ей, досым?
Жаным жүдеп,
Шаршап жүрмін,
Шалдығып,
Бір жағыма шығасың ба,
Ей, досым?!.

Сөз бастаған шешен болу –
Бір қиын,
Елің үшін есен болу –
Бір қиын.
Тайғақ кешіп,
Ақ жол тауып,
Адаспай,

Көш бастаған көсем болу –
Мың қиын!

Тыңдай білу заманыңның тынысын,
Төрге оздыру қазағымды –
Ұлы сын.

Мойындатсаң мұратыңды жаһанға,
Сонда ғана...

Пеңде емес –
Ұлысың!

...Сонда ғана,
Ұлықтайды ұлысың.



Теміртау

*Т*еміртау деген – ғажап бір,
Өркенді күштің білегі.
Теміртау деген – қазақтың,
Дүрсілдей соққан жүрегі.
Теміртау деген – азаттық,
Бүтін бір елдің тілегі!

Шыңдалған ердің құрышы,
Демі – от,
Жалын тынысы.
Теміртау – тәлім мектебі,
Теміртау – жұрттың ырысы.

Қой баққан қазақ кешегі,
Бойкүйез еді деседі.

Тас жарып,
Кеніш қопарған,
Бүгінде түгел есебі.

Бұлқына алмас байғұс қып,
Басынбақ енді қай күшті?
Арманы асқақ бауырым,
Байқоңыр асып,
Айға ұшты!
Балшықша илеп бақырды,
Болатты судай сапырды.

Еңбегін емген ер қазақ,
Орады гүлге тақырды.
...Намысы,
Жігер,
Ожданы,
Азаттық таңын атырды!



* * *

*А*птап ыстық,
Табиғат түншығады,
Шыбын-шіркей,
Бүгелек тынышын алып.
Бұлақ қана кәусарын үлестірген,
Саумал нұрға шомылып...
Күн шуағы.

Қапырықтан мүлгиді бар айналаң,
Бар мал басын шұлғиды
Маңайлаған.
Ауғанынша талма түс,
Мызғып кетер,
Тілемессің тылсымды...
Қалай ғана?!.



* * *

Ә, Суреткер!
Азамат ұлы жаралған,
Мызғымай қарап,
Әманда тұрсын Ар алдан!
Әсіре қызыл,
Жасандылыққа жолама,
Өнер атаулы...
Хас табиғаттан таралған.

Тек, болма пақыр,
Жұртыңды шақыр –
Бірлікке,
Ынтымақ тербеп,
Құлпыра бермек –
Тірлік те.

Уақыттан озсаң,
Қолыңды созсаң –
Талантсың,
Онда ұмтыл алға,
Қатардан қалма –
Жүр, күтпе!



Юнусым менің
немесе дельфин туралы жыр

Дарданнель,
Босфор –
Телегей теңіз қақпасы,
Пенделер жанын түсінші,
Кінә тақпашы!
Жаралған сәтті,
Табиғат атты пәктікті,
Өзгерте алмас...
Ондайдан Құдай сақтасын!

Күтпеген жерден,
Оқиға болды тосын бір,
Төсінде сенің әдемі дельфин жосылды.

Кемеге бағдар көрсете,
Шорши,
Зулаған,
Қылығына оның...
Көрген көз түгел тосылды.

«Юнус қой...» деді,
Бастаушы жігіт кемеңі,
«Юнус» дегені –
Түрікше “дельфин” дегені.
«Сұлулық сақтар әлемді» деген лебізді,
Соңғы кездерде ұмытып кеттік неге біз?!

Хас сұлулықтың тұрғанда бәсі азайып,
Керемет сурет көруің неткен ғажайып?!
Бір кезде ару болған-ау, сірә,
Бұл дельфин өзі –
Күшті де дейді,
Сотқардың берер сазайын.

Мүсін де сондай...
Сымбатты болады екен-ау,
Қай ісің-дағы үйлесім таппаса,
Бекер-ау?!
Өмірдің мынау,
Соқталы-соқпақ жолында,
Еліте берші,
Еркелей берші,
Көкем-ау!

Кінәлап бекер жататынымыз бар,
Кейде елді,
Көңілден кетпей қояды екен кей белгі.
Дельфинді сұлу –
Саф алтындайын сомдалған,
«Юнусым менің!»
Дей бергім келді,
Дей бергім...



* * *

*С*здегенді таба алмаған – бір қайғы,
Жүректегі отты жаға алмаған – бір қайғы;
Барар жерге жете алмаған – бір қайғы,
Бірді екі ете алмаған – бір қайғы;

Райыңнан қайта алмаған – бір қайғы,
Ақиқатты айта алмаған – бір қайғы;
Биіктерге шыға алмаған – бір қайғы,
Естен тана сүйе алмаған – бір қайғы;

Соның бәрін жиып-теріп келгенде,
Жұртың үшін күйе алмаған – мың қайғы!
Ұмтыл, бауырым,
Дәурен баста тұрмайды!..
...Тұрса-дағы
Қайтып мойнын бұрмайды.



Жайлау түні

*Ж*айлау төрі –

Бір тірлік белді шешкен,
Бал қымызын ұсынған келіншектей.
Бұл – бір сәт: алуан сырын ақтарады,
Тек маң төбет әуп етер...
Еріншектеу.

Тыныстайды талма түн дамылдаған,
Бүлдіршіндей көрпесін жамылмаған.
Әнтек мызғып кеткендей бүкіл әлем,
Тарих қана жадында дабыл қағар...

Қазақ үшін кең жайлау,
Дұрысында,
Рахаты өмірдің,
Ырысың да.

Саф ауадан сарайың сайрай беріп,
Ашылады айрықша тынысың да.

Балалық шақ аңдыздап жетті есіме,
Тылсым түнге қадалам,
Көп тесіле.
Басың тиіп кетердей жұлдыздарға,
Қанаттана қол созам,
Көк төсіне.

Қатар түзіп қарағай ән салады,
Әсем әнге төңірек тамсанады.
Көкірегің талыс боп тартылғандай,
Тербегенде көңілді жан самалы.

Мен жалғызбын...
Ай жалғыз аспандағы,
Ойқастайды ойымда қасқалдағым.

Жігі қарап суық шың,
Селт етпейді,
Бабалардай батагөй дастандағы.

Ауа бөтен жайлауда,
Ажар бөтен,
Аңсатады содан да базар мекен.
Кіндігіммен байланған Үшқоңыр-ау,
Сені мендей кім сүйе алады екен?!



* * *

О, Жер-Ана!
Жұмыр жер,
Адамға мұңсыз ғұмыр бер!
Онсыз да қиын тірлігі,
Ұқпайды өзін –
Бір міні.
Жатпайды ісін саралап,
Жосықсыз жанын жаралап.
Төліңді шетке теппеші,
Еңсесі түсіп кетпесін.
Сақтай гөр:
Апат,
Өртіңнен,
Құтқарып індет,
Дертіңнен!

Сақтай гөр,
Сақта, мекенін,
Онсыз да мұңы жетеді.
Қиындық қосып қайтесің,
Өзі-ақ құрып кетеді.
Аяламаса – Анасын,
Құрымағанда,
Не етеді?!



* * *

*Ш*етсіз-шексіз дала да,
Қар жамылған қала да –
Баяу ғана тербеледі тылсымда.
Төрт көз түгел табысып,
Елегізе жарысып –
Сағынысқан сыңарын...
Сезімдер де құлшынды.

Көшеден де,
Үйден де,
Көтеріңкі күйден де –

Аппақ қардың пәк иісі аңқиды.
Жаным күлім қағады,
Шаттық отын жағады –
Сері сезім сырлы саз боп шалқиды.

Ешкім әсте қимайтын,
Сенім ғана сыйлайтын –
Құштарлығым заңғар көкте самғайды.
Санаспайды уақытпен,
Астасады бақытпен –
Алға сүйрер арман-қанат талмайды.

Құс жолынан төгілген,
Қос жүрекке себілген –
Нұры шығар шапағатты Алланың!
Іңкәрімен ғашықтың,
Келешекке асықтым –
Үзілмейтін үмітімді жалғадым...



Қыран қанат қазағым

*А*рынан аттамаған,
Намысын таптамаған,
Алдына келсе,
Жәдігөй жауына да
Қажды кек сақтамаған;

Жетімін зәбірлемей,
Үлкенін қадірлеген.
Елінің ертеңі үшін
Бүгінін әзірлеген;

Данасын ұлықтаған,
Дәстүрін құнттаған.
Жақсының жақсылығын
Ешқашан ұмытпаған;

Ойын да ойлай алған,
Тойын да тойлай алған.
Табиғат тылсымына
Өзінше бойлай алған;

Жаны үшін малын қиған,
Ары үшін жанын қиған,
Парасат,
Пайымымен
Текіден тәлім жиған;

Досына барын берген,
Қасына жалын өрген.
Өр мінез,
Мәрттігімен
Тәуелсіз таңын көрген –
Қыран қанат қазағым менің!



* * *

*Б*ілікті адам ойымен ғана жарқ етер,
Бүгінгі таңда –
Бой жарыстыратын уақыт па?
Астанадағы әр ғимарат пен әр пәтер,
Бөленсе деймін бақытқа!

Тамсанбай елім,
Ешкімнің жақсы күйіне,
Қуана кірсін өзінің құтты үйіне!
Қарасын қайта,
Әлемнің жұрты қазаққа:
Таңдана тұрып,
Қызыға тұрып,
Сүйіне!



Астана бүгін шуақты

*Б*ұрын да талай шаршап ек,
Болар ма өмір сезіксіз?
Қайдасың Сарыарқа деп,
Тартып-ақ кетіп едік біз.

Таулардан түсіп тік маңдай,
Көлден де өттік керілген.
Арманға қарай ұшқандай,
Жүйткідік шексіз жеріммен.

Селеулі қырлар,
Жусанды,
Көшімді көріп бусанды.
Құдайым қуат берсе екен,
Жұртымның жоғын қусам бір...

Қарағанды қалып барады,
Сәт сапар тілеп бұл көшке.
Қарсы алды ашық қабағы,
Ақмола...
Ұстап гүлдесте.

Сол күннен жаңа тарихты,
Жазуды бастап кеттік біз.
Тұрса да боран,
Қар ұйтқып,
Асуларға алар жеттік біз!

Астана бүгін шуақты,
Есіл де ерке...
Бұралған.
Қуаныштан да қуатты,
Тербейді қазір бір арман...



Екінші бөлім

Жүрек оуендері

Елім менің

*А*райлап таңым, асқақтап тауым,
Ән ойнап көгім, күй тартты көлім.
Қол жетті, міне, аңсаған күнге,
Жасай бер, жаса, қазағым менің!

Қазақстаным – жасыл орманым,
Қуанышымды жасыра алмадым.
Аңсаған бабам, аңсаған елім,
Бостандық еді-ау, асыл арманым.

Қайырмасы:

Елім менің аңсаған,
Тас бұғаудан босаған.
Құтты болсын отауың-ау,
Берік болсын-ау, босағаң!

Бабамның қаны, анамның жасы,
Сіңген бұл далам, қымбатсың маған.
Береке-бірлік – қамалдың басы,
Ұрпаққа мәңгі тіл қатшы, далам!

Күйінсін жауың, сүйінсін досың,
Жиылсын қауым, құйылсын көшің.
Ертеңің үшін аянба, ерім,
Ояншы, елім, жиылсын есің!

Қайырмасы:

Ұрпақ үшін, ел үшін,
Атамекен, жер үшін,
Берекең мен бірлігің-ау,
Таси берсін-ау, ырысың!



Шұбарат

*А*латау – туған жерім, елім менің,
Сағындым арасынан ескен желін.
Арқада ардақталып жүрсем-дағы,
Ер жігіт ұмытар ма өскен жерін.

Шұбарат Алатаудың етегінде,
Шамалған тұрады екен жетегінде.
Арқадан асыл жарды тапсам-дағы,
Туған жер, сенен алыс кетермін бе!

Бай да өтер, би де өтер, батыр да өтер,
Басында панасы жоқ пақыр да өтер.
Бұл өмір қарап тұрсаң тұрағы жоқ,
Жел соқса бір-ақ күнде ұшып кетер.

Үшқоңыр

*Ү*шқоңыр Алатаудың қойнауында,
Әкемнің ізі қалған жайлауында.
Қасқасу гүр-гүр тасып, гүлі еркелеп,
Арқарың жайылатын аймағында.

Қайырмасы:

Ай, Үшқоңырым, туған жерім,
Рахым нұры тұнған жерім.
Ай, Үшқоңырым, тал бесігім,
Жүрегімде мәңгі есімің.

Бұл жерде тарих сырдың сыбдыры бар.
Бабалар тұлпарының дүбірі бар.
Бұл жерде Жамбыл - «Жәкең» өлең айтқан,
Өнерде ақындықтың тұғыры бар.

Қайырмасы.

Шыңдары Төле бидің қалпағындай,
Жазира жасыл әлем алқабындай.
Жуасы, қарақаты, бүлдіргені
Әжемнің шекер қосқан талқанындай.

Қайырмасы.

Көрінер сонадайдан анық маған,
Шыңында қырандары қалықтаған.
Самғаған қыранына құмар қылып,
Өсірген ұландарын алып далам.

Қайырмасы.

Жерім менің

*Б*айлығы – қазағымның кең даласы,
Ырыстың ұясындай сай-саласы.
Туған жер, қасиетіңнен айналайын,
Таусылмас ұрпағымның қазынасы.

Қайырмасы:

Бабамнан қалған кең далам,
Анам сенсің – мен балаң.
Қорғау үшін өзіңді,
Беу, кең далам,
Ажалдан да тайсалман!

Жетісу – жер жәннеті, ғажабын-ай,
Думанның Сарыарқам бар базарындай.

Арасы өр Алтай мен Атыраудың
Жаратқан бұйыртыпты қазағыма.
Оу, жерім менің!

Қайырмасы:

Бабамнан қалған кең далам,
Анам сенсің аялар,
Арым сенсің аялар.
Беу, кең далам,
Аманатым қорғаған!



Сарыарқа

Сарыарқам, саған таңда сәлем берем,
Атымды мәшһүр еттім әлемге кең.
Байтақ ел кеңдігіне қайран қалам,
Бабалар даналығын дәлелдеген.

Қайырмасы:

Сарыарқа – төр екенсің,
Киелі жер екенсің,
Байтағым сен екенсің,
Кең екенсің,
Беу, берекемсің,
Берекемсің!

Сарыарқам – сағынышым басылмаған,
Орман-көл, шулы өзендер, жасыл далам,

Арманы жоқ та шығар жүргендердің
Жарқылдап, жалын құшып, қасыңда аман.

Қайырмасы.

Аяулы, арман қалам, алып ордам,
Шығады жұлдыздары жарып алдан.
Халықтың жарқыраған үміті мол,
Жасай бер, күн Астана, бағы жанған!

Қайырмасы:

Сарыарқа – төр екенсің,
Киелі жер екенсің,
Байтағым сен екенсің,
Кең екенсің,
Беу, берекемсің,
Берекемсің.

Сарыарқа – арман екен,
Бақытқа толған екен,
Ардақты бабалардан қалған ба екен,
Беу, қалған екен,
Арман ба екен?!



Мазмұны

Бірінші бөлім ПЕРЗЕНТ ҮНІ

Көз құмарын суардым	4
Әз жұртым - әнім	5
Беу, дәурен!.....	7
Отан-Ана	9
Перзент үні	10
Өзім үшін саспаймын	12
Асыл ән	14
Оңаша қалып ойыммен.....	16
Алтын ғасыр	17
Маңдай термен тұздамасаң дәміңді	19
Ыстықкөл.....	20
Арман-тілек, мақсатым	22
Болған ба түсін түстеп	24

Днепрдегі достарға	25
Сыбызғының сазындай	27
Биіктік пен тереңдік	28
Махаббаттың әнін шырқап.....	30
Емеурінді ұғасың ба	31
Теміртау.....	33
Аптап ыстық.....	35
О, Суреткер.....	36
Юнусым менің немесе дельфин туралы жыр	38
Іздегенді таба алмаған - бір қайғы	41
Жайлау түні.....	43
О, Жер-Ана	46
Шетсіз-шексіз дала да	48
Қыран қанат қазағым	50
Білікті адам ойымен ғана жарқ етер	52
Астана бүгін шуақты	53

Екінші бөлім
ЖҮРЕК ӘУЕНДЕРІ

Елім менің.....	56
Шұбарат	58
Үшқоңыр	59
Жерім менің	61
Сарыарқа.....	63